



Статистика, учет и аудит, 1(96)2025. стр. 76-87

DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2025.-1.06>

Қаржы

ҒТАМР 10.23.47

ӘОЖ 347.736.3

БАНКРОТТЫҚ ҮҚТИМАЛДЫҒЫН БОЛЖАУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ӘДІСТЕМЕЛЕРІН БЕЙІМДЕУ: ҚАЗАҚСТАН ТӘЖІРИБЕСІ

А.К. Байдаков^{1}, Н.К. Кучукова², Әділханов О.Ш.³*

¹ С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана, Қазақстан

² Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

³ ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Алматы, Қазақстан

*Corresponding author e-mail: a_baidaov@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада банкроттық ықтималдығын болжаудың халықаралық әдістемелерін Қазақстан экономикасының ерекшелігіне бейімдеу қажеттігі атап көрсетілген. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі борышкердің қаржылық тұрақтылығы жөнінде қорытынды дайындау үшін әзірлеген «Қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін есептеу және сыныптардың шекараларын айқындау қағидаларын» (әрі қарай – Қағидалар) енгізу осы бағыттағы маңызды қадам болды. Бұл, әсіресе, инвестициялық шешімдер қабылдау барысында кезінде тәуекелдерді азайтуға тырысатын инвесторлар мен несие берушілер үшін маңызды. Алайда, осы Қағидалардың құрылымы мен мазмұнын талдау олардың Қазақстандық экономика мен бизнес-ортаның ерекшеліктеріне толық сәйкес келмейтінін көрсетеді. 2012 жылы бастау алған Халықтық IPO шеңберінде 2024 жылы да жаңа компаниялар биржаға шығарылды, бұл бизнес үшін де, жеке инвесторлар үшін де кең мүмкіндіктер ашады. Зерттеудің мақсаты – банкроттық ықтималдығын болжаудың шетелдік модельдерін салыстырмалы талдау негізінде оларды отандық тәжірибеде қолдану мен бейімдеудің мүмкіндіктерін анықтау. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын арттыру үшін осы Қағидаларды енгізудің маңыздылығын көрсетеді. Халықаралық стандарттар негізінде өзіндік әдістемелерді әзірлеу кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын айтарлықтай жақсартуға және нарықтың өзгермелі жағдайларына қарай әрекеттерді бейімдеуге ықпал ететін стратегиялық маңызды қадам болып табылады.

Түйін сөздер: қаржылық тұрақтылық, банкроттықты болжау, қаржылық коэффициенттер, шетелдік әдістемелер, қаржылық талдау.

Негізгі ережелер. Қазақстандағы кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын арттыру үшін ҚР Қаржы министрлігі борышкердің қаржылық тұрақтылығы жөнінде қорытынды дайындау үшін әзірлеген Қағидаларды енгізудің маңыздылығын көрсеткенімен, оның құрылымы мен мазмұнын талдау Қағидалардың экономика мен бизнес-ортаның ерекшеліктеріне толық сәйкес келмейтінін көрсетеді. Кәсіпорындардың қаржылық жағдайын бағалаудың неғұрлым сенімді және тиімді жүйесін құру үшін елде бизнесті жүргізудің бірегей экономикалық жағдайлары мен ерекшеліктерін ескеру қажет екенін атап өткен жөн:

Cite this article as: Baidakov A., Kuchukova N., Adilkhanov O. Adaptation of foreign methods for diagnosing the probability of bankruptcy: the experience of Kazakhstan. *Statistics, accounting and audit*. 2025, 1(96), 76-87. (In Kaz.). DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2025.-1.06>



- әлемдік тәжірибеде қолданылатын банкроттық ықтималдығын болжаудың көптеген әдістері Қазақстанда пайдалану үшін жоғары әлеуетке ие және бұл бағыттағы зерттеулерді жалғастыруды қажет етеді;
- әдістемелерді бейімдеу барысында Қазақстанның бизнес-ортасының бірегей ерекшеліктерін ескеру қажет;
- болжау әдістерін әзірлеу және қолдану кезінде инвесторлардың, несие берушілердің, мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлердің қызығушылықтарын ескеру қажет.

Кіріспе. Жаһандану және жылдам өзгермелі экономикалық орта жағдайында кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын болжау мәселелері Қазақстан үшін ерекше өзекті болып отыр. Кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығы олардың сыртқы және ішкі қаржылық тәуекелдерге қарсы тұру қабілетіне тікелей әсер етеді, бұл өз кезегінде бүкіл ел экономикасының тұрақтылығына ықпал етеді. ҚР Ұлттық банкінің сарапшыларының зерттеу нәтижелері Қазақстанда корпоративтік банкроттықтың нәтижесіздігін және кредиторлар үшін өте төмен қайтарымдылығын (2%-дан төмен) көрсетті. Реттеу әдістерінің ішінде банкроттық басым (90%-дан астам) [1]. Оның негізгі себептері заңнамалық және институционалдық кемшіліктер болып табылады. Заңнамалық кедергілердің болуына байланысты реттеу рәсімдерінің кеш басталуы борышкердің қаржылық жағдайының одан да нашарлауына, активтердің нарықтық құнының төмендеуіне және сауықтыру мүмкіндіктерінің төмендеуіне әкеледі.

Елімізде ұйымның экономикалық жағдайы мен оның банкроттық фактісі арасындағы байланысты іздеу қате тұжырымдарға әкелуі мүмкін, бұл қаржылық талдауда сандық талдау модельдерін кеңінен және толыққанды қолдануды шектейді. Себебі кейбір сот істері қасақана сипатқа ие, онда ірі компаниялар иелерінің немесе ірі монополиялық несие берушілердің мүддесі үшін қасақана банкроттыққа ұшырау орын алады. Бұл мәселелер заңнамада да ескеріліп, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңында әдейі банкроттыққа кінәлі деп танылған құрылтайшы (қатысушы) және (не) лауазымды адам кредиторлар алдында осы өздеріне тиесілі мүлікпен субсидиарлық жауаптылықта болады [2], сонымен бірге әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік те қарастырылған. Осыған дейінгі қабылданған заң нұсқаларында «Оңалту» түсінігі қолданылмаған, бұл экономикалық саясаттың кәсіпорындарды жабудан оңалту шаралары негізінде қаржылық тұрақтылықты қалпына келтіруге бағытталуын көрсетеді.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта отандық тәжірибеде банкроттық ықтималдығын болжаудың пысықталған әдістемесі жоқ. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі оңалту немесе банкроттық туралы істі сотта қарау кезеңінде борышкердің қаржылық тұрақтылығы туралы қорытындыны жасау үшін әзірлеген «Қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін есептеу және сыныптардың шекараларын айқындау қағидалары» осы бағыттағы маңызды қадам болды [3]. Қағидада ұсынылған әдістеме «Оңалту және банкроттық туралы» заң аясында қолданылғанымен, оның әлеуетін қаржылық талдаудың практикалық мақсаттарында да пайдалануға болады. Сондай-ақ, Қазақстанда бағалы қағаздар нарығының дамуымен және ірі компаниялардың IPO санының ұлғаюымен жеке және заңды тұлғалар ретіндегі инвесторлар үшін банкроттықты талдау және болжау әдістерін меңгеру, қаржылық тұрақтылық пен басқару тиімділігін талдау әдістерін меңгеру инвестициялық шешім қабылдаудың ажырамас бөлігі болып отыр. Сол себепті аталған Қағидалар банкроттық ықтималдығы мен ұйымдардың қаржылық жағдайын неғұрлым дәл талдауға ықпал ететін маңызды құралға айналуы тиісті. Үнемі өзгеріп отыратын экономикалық орта



шарттарында қолданыстағы әдістемелер өзекті және тиімді болып қалуы үшін оларды жетілдіруді жалғастыру маңызды.

Әдебиеттік шолу. Қазіргі таңда банкроттық ықтималдығын болжау мәселесіне арналған заманауи зерттеулер талдаудың жүйелі тәсілін қалыптастырумен байланысты. Қаржылық талдау облысындағы отандық белгілі ғалым К.Ш. Дюсембаевтың пікірінше банкроттық ықтималдығын алдын-ала болжау ішкі және сыртқы жағдайлардың әсерін ескере отырып, қаржылық саясатты жүргізудегі қалыптасқан тенденцияларды анықтауға мүмкіндік береді [4].

Белгілі Z-score моделінің негізін қалаушы Э.Альтманның зерттеулері қаржылық тәуекелдерді дәлірек бағалау үшін көп факторлы модельдерді қолданудың осы уақытқа дейін өзектілігін неіздейді [5]. Э.Альтманның дамушы нарықтар үшін жетілдірілген моделінің әртүрлі экономикалық шарттарда қолданудың тиімділігі мен оның дамушы елдердің де жағдайына бейімделгенін Dier Thanh Tung, Vo Thi Hoang Phung зерттеулері де растайды [6].

Дегенмен, ондаған жылдар бұрын шет елдердегі кәсіпорындардың тарихи деректері бойынша жасалған модельдерді (Э.Альтман, Р.Таффлер, У.Бивер, Г.Стрингейт, Д.Фулмер, Р.Лис және басқа да) механикалық қолдану көбінесе жүйелік қателіктерге әкеліп соқтырады. Shi Y., Li X дәстүрлі модельдер негізіндегі болжамның дәлдігін қамтамасыз ету үшін тек қаржылық көрсеткіштерді ғана емес, сонымен қатар кәсіпорындардың жұмысына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторларды да ескеру қажет деген қорытындыға келеді [7].

Елімізде қаржылық талдаудың заманауи әдістемелеріне, салалық ерекшеліктерді есепке алу қажеттілігіне, бизнестің қаржылық ашықтығын қамтамасыз ету мәселелеріне көптеген зерттеулер арналған. Қазіргі таңда елімізде банкроттық ықтималдығын болжауда қаржылық талдау құралдарын пайдалануда келесідей өзекті мәселелер бар: 1) қаржылық талдау мен бағалаудың пысықталған әдістемесі жоқ; 2) ұйымдардың қаржылық жағдайын толыққанды талдау үшін толық ақпараттық база жеткіліксіз; 3) қаржылық жағдайды бағалау үшін қажетті әрбір жеке негізгі фактордың салыстырмалы «салмақтарын» айқындаудың күрделілігі; 4) инфляцияның негізгі қаржылық көрсеткіштер деңгейіне әсері. Аталған сұрақтарды шешуше бағытталған зерттеулер қатарында Досаева А.Ж., Атчбарова А.М. қаржылық талдаудың кеңінен қолданылатын әдістерінің ерекшеліктері мен талдаудың мүмкіндіктері анықтап, қазақстандық компаниялар үшін осы бағытта ұсынылатын іс-шаралар кешенін ұсынады [8]. Шахман Е.Т., Нарынбаева А.С., Алтайбаева Ж.К. ел экономикасының маңызды секторы ретінде агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарының салалық ерекшеліктерін ескеретін қаржылық стратегияны қалыптастыру кезеңдерін жалпылайды [9]. Басқа да салалардағы, атап айтқанда, әуе компанияларының қаржылық тұрақтылығын талдау ерекшеліктері Джаксыбекова Г.Н., Аубакирова Д.Е. [10]; су шаруашылығы кәсіпорындары мысалында қаржылық тұрақтылықты басқару Абдрахманова А.У., Бельгибаева А.С., Сартов У.К. [11]; қаржылық ақпараттың сенімділігі мен сапасына қатысты мәселелер Өмір А.Ж., Мазбаева К.О. [12] зерттеулерінде қарастырылған. Аталған зерттеулердің барлығында дерлік банкроттықты болжаудың шетелдік әдістемелерін қазақстандық нарық ерекшелігіне бейімдеу қажеттілігіне назар аударылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу банкроттықты болжаудың ағымдағы түрлі әдістерін салыстыруға, олардың Қазақстандық нарық ерекшелігіне сәйкестігін бағалауға, дайындалған Қағидалардың мазмұны мен құрылымының халықаралық



стандарттарға сәйкестегін бағалауға, олардың қолданылу мүмкіншіліктерін талдау мен әдістемелерді одан әрі бейімдеу бойынша ұсыныстар дайындауға бағытталған.

Зерттеу барысында деректерді салыстырмалы талдау мен синтез әдістері және диалектикалық бағыт қолданылды. Зерттеу әдеби көздерді талдауға, қазақстандық компаниялардың жария қаржылық есептіліктерінен алынған деректерге, ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне негізделеді.

Зерттеу нәтижелері қаржылық талдау сапасын арттыруға және жекелеген кәсіпорындар деңгейінде де, қаржылық реттеу саласындағы мемлекеттік саясат деңгейінде де негізделген шешімдер қабылдауға ықпал ететін болады.

Нәтижелер. 2023 жыл қорытындысы бойынша елімізде 27027 заңды тұлға жабылған (рекордтық көрсеткіш). Бұл тенденция соңғы 6 жылда сақталып, Қазақстан үшін қалыптасқан, әдеттегі, дегенмен өте қауіпті жағдайға айналып отыр (1-кесте).

1 кесте – Қазақстан Республикасы бойынша жабылған заңды тұлғалардың динамикасы

Көрсеткіштер	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Жабылған заңды тұлғалар саны, мың бірлік	6,3	9,1	20,8	24,3	19,7	23,2	26,8	27,0
Тізбекті абсолютті өсім, мың бірлік	–	+2,8	+11,7	+3,5	-4,6	+3,5	+3,6	+0,2
Тізбекті арту қарқыны, %	–	+44,4	+28,5	+16,8	-18,9	+17,8	+15,5	+0,7
Ескерту: [13] дереккөз негізінде авторлармен дайындалған								

Статистика бойынша жабылған кәсіпорындардың арасында шағын бизнес субъектілерінің үлесі – 99,8%; 2023 жылы 15 ірі және 38 орта бизнес өкілі ғана жабылған. Олардың арасында басты үлесті көтерме және бөлшек сауда (33%), құрылыс саласы (12%) кәсіпорындары алады [13]. Жабылған және банкрот деп танылған кәсіпорындардың 99,8% үлесін жұмысқа жарамды тұрғындардың негізгі бөлігі еңбек ететін шағын бизнес субъектілері құрайды. Келтірілген статистика аясында заңды тұлғалар тарапынан әдейі банкроттық мәселесі бар, бұл мәселе бақылау және реттеу тетіктерінің тиімділігінің жеткіліксіздігінен туындап отыр. Банкроттық институтының мәселелері, оның ішінде құқықтық реттеу кемшіліктері және кредиторлардың мүдделерін қорғаудың бірдей тетіктерінің болмауы, сондай-ақ сот тәжірибесінің, әкімшілердің қызметінің мәселелерінің шешілмеген күйінде қалуы және қайта қарау мәселелері «Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында» нақты көрсетілген [14].

Банкроттық ықтималдығын болжаудың барлық модельдері уақыт өтуіне қарай жетілдірілгенімен, олардың барлығы негізгі белгілі қаржылық коэффициенттерге негізделген және өзіндік шектеулері бар, бірегей, әмбебап, барлық жағдайларда нақты болжам жасауға мүмкіндік беретін әмбебап модель жоқ (2-кесте).



2 кесте – Банкроттық ықтималдығын бағалаудың танымал модельдерінің салыстырмалы сипаттамасы

Модельдер	Артықшылықтары	Кемшіліктері /Шектеулері
У.Бивер моделі (1966 ж., АҚШ)	Банкроттық ықтималдығын сандық қана емес, уақыттық сипаты бойынша бағалауға мүмкіндік беретін 5-факторлы модель. Шағын және орта бизнес кәсіпорындарына бейімделген.	Ірі компаниялар үшін болжау дәлдігінің төмендігі. Нәтижені түсіндіру қиындығы.
Э.Альтманнның бес, төрт факторлы модельдері (1968 ж., 1983 ж., 1993 ж. АҚШ)	Модельдегі көрсеткіштер кәсіпорын қызметінің түрлі аспектілерін ескереді. Қаржылық тұрақтылықты динамикада болжау мүмкіндігі. Дәлдігінің жоғарылығы.	Модельге ақша ағындарының көрсеткіштері еңбеген.
Э.Альтманнның жеті факторлы моделі (1977 ж. АҚШ)	Модельдегі көрсеткіштер кәсіпорын қызметінің түрлі аспектілерін ескереді (7 көрсеткіш).	Модель толық жарияланбаған, Z-көрсеткішінің шекті мәндері коммерциялық құпия болып саналады.
Д. Фулмер моделі (1984 ж., АҚШ)	Түрлі компаниялар үшін дәлдігі жоғары, 9 факторды ескеретін модель.	Көрсеткіштерді есептеу мен нәтижелерді түсіндіру қиындығы.
Г. Спрингейт моделі (1978 ж., Канада)	Қолданылуы мен нәтижесін түсіну жеңіл. Шағын және орта бизнесте қолдануға болатын 4-факторлы үлгі.	Ірі кәсіпорындарға қолдануға келмейді, нарық ерекшеліктерін есепке алмайды.
Кэмпбелл моделі (2008 ж., АҚШ)	Жаңа бағытты ұстанатын, материалдық емес активтерді есепке алатын 6 факторлы модель.	Ұзақ мерзімді болжамдар жасауға ақпараттың жеткіліксіздігі.
Ескерту: [3,5] дереккөздер негізінде авторлармен дайындалған		

Осы дәстүрлі модельдерге тән ортақ негізгі артықшылықтар:

- модельдер негізіне кәсіпорындардың қаржылық жағдайын жан-жақты сипаттайтын негізгі коэффициенттер жүйесі алынған;
- көптеген модельдерді пайдаланудың қарапайымдылығы, оларды мамандарға қаржылық есептілік деректері негізінде есептеу, нәтижесін түсіну және тәжірибеде қолдану қиын емес;
- еліміздегідей экономикаға шарттарына арнайы дайындалған өзіндік модельдердің болмауы жағдайында қызығушы тараптарға кәсіпорынның банкроттық ықтималдығы мен қаржылық тұрақтылығын болжауға, инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдерді бағалауға көмектеседі;
- модельдер үнемі жетілдірілуде, оларды экономикалық шарттарға қарай өзгертуге, толықтыруға, бейімдеуге болады.

Модельдерге тән ортақ негізгі кемшіліктер мен шектеулер:

- модельдер дамыған экономикаларға тән тарихи деректер мен факторларды экстраполяциялау негізінде әзірленген, бұл оларды басқа экономикалық шарттарда, оның ішінде Қазақстан шарттарында пайдалану тиімділігін төмендетеді. Заманауи зерттеушілер модельдердің дәлдігіне күмәнмен қарап, болжау жасауда соңғы деректердің пайда болуына орай өзгерістер есепке алатын Байес тәсіліне негізделген машиналық оқыту әдістерін пайдалану қажет деп санайды [15].



– көптеген модельдерді кәсіпорындардың негізгі бөлігін құрайтын шағын және орта бизнес кәсіпорындарына қатысты қолдану мүмкін емес;

– барлық модельдерде инновациялық қызмет нәтижелері көрініс таппаған: зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған шығындар, ғылыми жаңалықтар мен инновациялардың нәтижелерін ендіру, материалдық емес активтер құнының өсуі және т.б.

Талқылау. Банкроттық ықтималдығын болжаудың дәстүрлі әдістері болжаудың қарапайымдылығына, нәтижелердің түсініктілігіне байланысты әлі үлкен сұранысқа ие. Сол себепті де Қағидалардағы әдістемені әзірлеуде Э. Альтманның танымал әдістемесінің ұстанымдары қолданылған. Бұл қазақстандық мамандардың кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын бағалау құралдарын әзірлеу кезінде халықаралық озық тәжірибелерді пайдалануға деген ұмтылысын айғақтайды.

Қағидада банкроттық ықтималдығын бейнелейтін жиынтық Z-көрсеткіші келесідей көрсеткіштер негізінде есептеледі:

K_1 – активтердегі қысқа мерзімді активтердің үлесі (активтердің мобильділігінің коэффициенті);

K_2 – бөлінбеген пайданың (залалдың) активтерге қатынасы (активтердің таза рентабельділігі);

K_3 – салық салынғанға дейінгі пайданың (ЕВТ) активтерге қатынасы (активтердің салық салынғанға дейінгі пайда бойынша рентабельділігі);

K_4 – акциялардың нарықтық құнының (акциялары бағалы қағаздар нарығында айналыста жүрген акционерлік қоғамдар үшін) не капитал құнының (басқа компаниялар үшін) жиынтық міндеттемелерге қатынасы (қаржыландыру коэффициенті);

K_5 – түсімнің активтерге қатынасы (активтердің айналымдылығының коэффициенті).

Қорытындысында банкроттық ықтималдығын сипаттаушы екі жиынтық көрсеткіш (Z) есептеліп, кәсіпорындар қаржылық тұрақтылығы бойынша 3 сыныпқа топтастырылады (3–кесте).

Акциялары бағалы қағаздар нарығында айналыста жүрген акционерлік қоғамдар үшін:

$$Z = 1,2 K_1 + 1,4 K_2 + 3,3 K_3 + 0,6 K_4 + 0,999 K_5 \quad (1)$$

Акциялары бағалы қағаздар нарығында орналастырылмайтын заңды тұлғалар (оның ішінде акционерлік қоғамдар), жеке кәсіпкерлер үшін:

$$Z = 0,717 K_1 + 0,847 K_2 + 3,107 K_3 + 0,42 K_4 + 0,998 K_5 \quad (2)$$



3 кесте – ҚР Қаржы министрлігінің Қағидаларына сәйкес кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылық сыныптарының шекаралары

Сыныптар	Қор нарығындағы акционерлік қоғамдар	Акциялары қор нарығында орналастырылмаған заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер	Борышкердің қаржылық тұрақтылығын бағалау
I сынып	$Z1 \geq 2,99$	$Z2 \geq 2,90$	қаржылық тұрақты, банкрот деп тануға жатпайтын борышкер.
II сынып	$1,81 \leq Z1 < 2,99$	$1,23 \leq Z2 < 2,90$	банкроттық тәуекелі бар, оңалту шаралары негізінде қаржылық тұрақтылықты қалпына келтіруге негіз бар борышкер.
III сынып	$Z1 < 1,81$	$Z2 < 1,23$	қаржылық тұрақсыз, банкрот деп тануға негіздер бар борышкер.

Ескерту: [3] дереккөз негізінде авторлармен дайындалған

Көрініп тұрғанындай, Қағидаларда келтірілген әдістемені Э.Альтманның акциялары қор нарығында айналыстағы жария кәсіпорындар (1968 ж.) және қор нарығына қатыспайтын кәсіпорындар үшін (1983 ж.) дайындалған 5-факторлы модельдерге енген коэффициенттер, әр көрсеткіштің үлестік мәндері, шекті мәндер бойынша қаржылық тұрақтылық сыныптары өзгеріссіз алынған. Әдістемені бейімделген деп те санауға болмайды. Сол себепті әдістемені Э.Альтманның модельдеріне тән кемшіліктермен қатар, оларды отандық шарттарға бейімдеусіз пайдаланумен байланысты да тәуекелдер бар. Атап айтқанда:

– модельге сәйкес айналыс капиталының сомасының үлкен болуы (K_1) оң нәтиже береді, бірақ ол активтерді басқарудың тиімсіздігін көрсетуі мүмкін: өтімсіз қорлар, дебиторлық берешектердің өсуі. Сонымен бірге қазіргі уақытта кәсіпорындар айналыс капиталы мен қорлардың көлемін минималдауға ұмтылуда, олар үшін ең бастысы үнем мен «нақты мерзімге» өндіру концепциясы;

– модельге ақша ағындарының сапасын, пайдалану тиімділігі сипаттайтын көрсеткіштер енген. Ал ақша қаражаттарының қозғалысының есебін талдау компанияның нақты жағдайы туралы маңызды ақпараттарды бере алады, оның сандық мәліметтерін өзгерту, өз пайдасына қарай икемдеу күрделірек. Ақшаның кіріс мен шығысы абстрактілі емес, абсолютті нақты шамалар;

– рентабельділік көрсеткіштерін есептеуде қаржылық есептілікті дайындау сәтіндегі кейбір іс-әрекеттердің шартты сипаты есепке алынбайды: есептеу қағидасына сәйкес анықталған түсім, пайда, нақты ақшалай сомалардан елеулі ауытқуы мүмкін.

Ең негізгісі, ҚР Ұлттық Банкінің Зерттеулер мен талдау орталығының зерттеушілері Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде (2013-2019 жж. берешектері бар 211 мыңнан аса кәсіпорындардың деректері) борышкердің қаржылық тұрақтылығын бағалау Қағидаларындағы әдістеменің тиімсіздігі, оның жалған оң да, теріс те нәтижелер көрсететіні дәлелденген [1]:

1) капиталы теріс мәнге ие әрбір бесінші кәсіпорын әдістемені сәйкес есептеулер бойынша I сыныпқа жатады және қаржылық тұрақты деп танылады. Сонымен қатар, капиталы теріс және қаржылық тұрақты деп танылған компаниялардың жартысы (шамамен 46%) зиян шеккен ($EBT < 0$);



2) оң капиталға ие әрбір алтыншы кәсіпорын әдістемеге сәйкес есептеулер бойынша III сыныпқа жатады және қаржылық тұрақсыз деп танылады. Ал осы кәсіпорындардың шамамен 30% -ның қызметі пайдалы ($EBT > 0$).

Осылайша, қазіргі уақытта елімізде банкроттық ықтималдығын болжау әдістемелерін дайындаумен, танымал модельдерді бейімдеумен байланысты мәселелерді келесідей топтастыруға болады:

1. Деректердің жеткіліксіздігі. Елімізде шағын және орта бизнес субъектілерінің қаржылық және статистикалық деректеріне қолжетімділік шектеулі. Елімізде жария мүдделі ұйымдар ғана қаржылық есептіліктерін Қаржылық есептілік депозитарийіне тапсыру міндетті.

2. Деректердің сапасы мен шынайылығымен байланысты тәуекелдер. Бухгалтерлік мәліметтерге негізделген модельдер банкроттық қарсаңында жиі орын алатын есеп беру деректерін бұрмалау, өзгерту тәуекелін ескере алмайды. Сол себепті елімізде кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен оның банкроттық фактісі арасындағы байланыстарды анықтау қате тұжырымдарға әкелуі мүмкін.

3. Заңдылықтарды анықтау үшін банкротқа ұшыраған бір саладағы немесе көлемі шамалас кәсіпорындардың зерттеуге жеткілікті тобы бойынша статистикалық ақпараттың динамикада болмауы, экономика көлемімен байланысты шектеулер. Мысалы, Э.Альтман өз үлгісін 1946-1965 жж. аралығына сәтті (33) және сәтсіз (33) әрекет еткен 66 американдық фирманың көрсеткіштерін зерттеу негізінде ұсынған; Таффлер өз үлгісін Ұлыбританияда 1969-1975 жж. аралығында банкроттыққа ұшыраған 46 және қаржылық тұрақты 46 компанияны зерттеу негізінде дәлелдеген. Ал қазіргі ақпараттық жүйелер бірнеше мыңдаған кәсіпорындардың деректерін талдауға мүмкіндік береді.

4. Елімізде қаржылық көрсеткіштердің (төлем қабілеттілік, қаржылық тұрақтылық және басқа да) салалар бойынша белгіленген орташа, нормативті шектері жоқ. Ондай орташа көрсеткіштерсіз кәсіпорынның күшті және әлсіз тұстарын, тиімділігін салыстырмалы бағалау мүмкін емес.

5. Экономиканың бірегей ерекше сипаттамалары: Қазақстан экономикасының шетелдік модельдердің негізінде жасалған болжамдарға толық сәйкес келмейтін өзіндік бірегей ерекшеліктері мен сипаттамалары бар. Нәтижесінде шетелдік модельдерде қолданылатын коэффициенттер жиыны мен коэффициенттердің үлестік салмағы жергілікті экономика мен бизнестің шарттарына толықтай сәйкес келмейді.

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын арттыру үшін халықаралық тәжірибелерді одан әрі бейімдеудің өзектілігі мен қажеттілігін растайды. Озық әдістерді жергілікті орта шарттарына бейімдеу елімізде қаржылық талдау мен тәуекелдерді басқарудың сапасын едәуір жақсартып алады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері банкроттық ықтималдығын болжаудың шетелдік әдістемелерін бейімдеуде кешенді бағытты ұстанудың маңыздылығын айқындайды және келесідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1) әлемдік тәжірибеде қолданылатын банкроттық ықтималдығын болжаудың көптеген әдістері Қазақстанда пайдалану үшін жоғары әлеуетке ие және бұл бағыттағы зерттеулерді жалғастыруды қажет етеді. Біздің елімізде де үлгіні дайындау үшін минималды талаптарды қанағаттандыратын шарттардың орындалуы жағдайында ұлттық экономика мен кәсіпорындардың әрекет ету ерекшеліктерін есепке ала отырып дайындалған банкроттық ықтималдығын болжаудың әдістемелері дайындалады деген сенім мол;



2) әдістемелерді бейімдеу барысында Қазақстанның бизнес-ортасының бірегей ерекшеліктерін ескеру қажет. Бұл аспектілер банкроттық ықтималдығын талдау нәтижелерін түсіндіруге және қолдануға айтарлықтай әсер етуі мүмкін, мысалы, қаржылық көрсеткіштердің қалыптасуына кейбір салаларда өте қомақты болатын мемлекеттік субсидиялардың әсерін есепке алу; мазмұны К2 (активтердің таза рентабельділігі) коэффициентіне ұқсас К3 (активтердің ЕВТ бойынша рентабельділігі) коэффициентінің орнына ақша ағындарының сапасын, пайдалану тиімділігі сипаттайтын көрсеткіштерді – Пайданың ақшалай құрамының коэффициентін (Cash Flow from Operations to Earnings) немесе Сатудың ақшалай құрамының коэффициенті (Gross Cash from Customers to Sales ендірудің қажеттілігі бар. Себебі ал ақша қаражаттарының қозғалысының деректерін өзгерту, өз пайдасына қарай икемдеу күрделірек, ақшаның кірісі мен шығысы абстрактілі емес, абсолютті нақты шамалар;

3) елімізде банкроттық туралы істерді экономикалық соттар қарастырады, коммерциялық істер бойынша жоғары біліктілікті қажет етуіне қарамастан, соттардың біліктілігіне арнайы талаптар қойылмайды, оның нәтижесінде банкроттық ісі бойынша шешімдердің әділетсіз қабылданып, ол өз кезегінде іске қатысушылардың құқықтарының бұзылуына алып келуі, істердің ұзаққа созылуына, азаматтар мен кәсіпкерлердің құқық қорғау жүйесіне деген сенімінің төмендеуіне, қаржылық қатынастарға теріс әсер етуі мүмкін. Осы қауіптердің алдын алу үшін банкроттық істерін жүргізетін соттарға арнайы біліктілік талаптарын қою, банкроттық рәсіміне барлық қатысушылардың – ең алдымен әкімшілер мен соттардың біліктілігін арттыру қажет. Ол үшін банкроттық туралы істерді қарайтын мамандандырылған соттар құру қажет;

4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес банкроттық туралы істегі әкімші міндетін тиісті талаптарға жауап беретін жеке тұлға ғана жүзеге асыра алады (ҚР кәсіби бухгалтері біліктілігі бар тұлғалар; заңгерлік, экономикалық, бухгалтерлік, қаржылық, аудиторлық немесе бақылау-ревизия салаларындағы қатарынан үш жылдан кем емес жұмыс өтілі мен жоғары білімі бар, сотталмаған тұлғалар). Тәжірибеде қалыптасқандай борышкердің қажетті шынайы ақпараттарды ұсынбауы, активтер мен келісім-шарттарды жасыруы шарттарында күрделі істерді қарау үшін толыққанды кәсіби топ қажет, қажет болған жағдайда білікті аудиторларды, бағалаушыларды, заңгерлерді тарту қажет болуы да мүмкін. Сол себепті күрделі істерді басқаруға әкімші ретінде заңды тұлғаларды да тарту мүмкіндігін қарастыру қажет.

Әдебиет тізімі

1. Миллер А., Кабдулов А. Корпоративное банкротство в Казахстане: проблемы и решения // Банки Казахстана. – 2022. – №1-2. – С. 9–28.
2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ «Оңалту және банкроттық туралы» Заңы [Электронды ресурс]. – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176> (accessed: 20.09.2024).
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі № 372 «Қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін есептеу және сыныптардың шекараларын айқындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы [Электронды ресурс]. – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020370> (accessed: 15.09.2024).
4. Дюсембаев К.Ш. Финансовый анализ: учебное пособие. – Алматы: Фортуна Полиграф, 2019. – 264 с.
5. Altman E.I. Fifty Years of Z-Scores to Predict the Probability of Corporate Bankruptcy // Journal of Investment Consulting. – 2019. – №19(1). – P.15-22.
6. Diep Thanh Tung, Vo Thi Hoang Phung. An application of Altman Zscore model to analyze the bankruptcy risk: cases of multidisciplinary enterprises in Vietnam // Investment Management and Financial Innovations. – 2019. – №16(4). – P. 181–191, [https://doi.org/10.21511/imfi.16\(4\).2019.16](https://doi.org/10.21511/imfi.16(4).2019.16).



7. Shi Y., Li X. An overview of bankruptcy prediction models for corporate firms: A systematic literature review // *Intangible Capital*. – 2019. – №15(2). – P. 114–127, <https://doi.org/10.3926/ic.1354>.
8. Досаева А.Ж., Атчбарова А.М. Принципы и методы проведения анализа в казахстанских организациях // *Вестник университета «Туран»*. – 2020. – №(1). – С. 171–176.
9. Шахман Е.Т., Нарынбаева А.С., Алтайбаева Ж.К. К вопросу о финансовой устойчивости агропромышленного предприятия // *Проблемы агрорынка*. – 2021. №(3). – С. 82–91.
10. Джаксыбекова Г.Н., Аубакирова Д.Е. Финансовое состояние и управление финансовой устойчивостью авиакомпании // *Economics: the strategy and practice*. – 2019. – №14(4). – С. 67–79.
11. Абдрахманова А.У, Бельгибаева А.С., Сартов, У.К. Оценка и анализ финансовой устойчивости предприятия // *Государственный аудит*. – 2023. – №61(4). – С. 83–97.
12. Өмір А.Ж., Мазбаева К.О., Большекбаева Қ.О., Телагусова Э.О. Рейтингік агенттіктер мен несиелік рейтингтің капитал құрылымындағы маңыздылығы және рөлі // *Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы*. – 2024. – №2(55). – Б. 124–131.
13. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми деректері [Электронды ресурс]. – Available at: <https://stat.gov.kz> (accessed: 20.09.2024).
14. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №1021 «Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы [Электронды ресурс]. – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001021> (accessed: 22.09.2024).
15. Bai Q., Tian S. Innovate or Die: Corporate Innovation and Bankruptcy Forecasts // *Journal of Empirical Finance*. – 2020. – № 59(4). – P. 88–108. <https://doi.org/10.1016/j.jempfin.2020.09.002>.

References

1. Miller A., Kabdulov A. Korporativnoe bankrotstvo v Kazakhstane: problemy i resheniya [Corporate bankruptcy in Kazakhstan: problems and solutions]. *Banki Kazakhstana*, 2022, 1-2, ss. 9–28 (in Russian).
2. Qazaqstan Respublikasynyñ 2014 jylǵy 7 nauryzdaǵy № 176-V QRZ. *Oñaltu jáne bankrottyq turaly Zańy* [On rehabilitation and Bankruptcy]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176> (accessed: 20.09.2024) (in Kazakh).
3. Qazaqstan Respublikasy Qarjy ministriniñ 2020 jylǵy 9 saurdegi № 372. *Qarjylyq túraqtylyq koefisientterin esep-teu jáne synyptardyñ shekaralaryn aiqyndau qaǵidalaryn bekitu turaly búiryǵy* [On approval of the rules for calculating financial stability ratios and determining class boundaries] Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020370> (accessed: 15.09.2024) (in Kazakh).
4. Djusembaev K.Sh. *Finansovyy analiz: uchebnoe posobie* [Financial analysis]. Almaty, Fortuna Poligraf, 2019, 264 s. (in Russian).
5. Altman E.I. Fifty Years of Z-Scores to Predict the Probability of Corporate Bankruptcy. *Journal of Investment Consulting*, 2019, 19(1), pp. 15-22.
6. Diep Thanh Tung, Vo Thi Hoang Phung. An application of Altman Zscore model to analyze the bankruptcy risk: cases of multidisciplinary enterprises in Vietnam. *Investment Management and Financial Innovations*, 2019, 16(4), pp. 181–191, [https://doi.org/10.21511/imfi.16\(4\).2019.16](https://doi.org/10.21511/imfi.16(4).2019.16).
7. Shi Y., Li X. An overview of bankruptcy prediction models for corporate firms: A systematic literature review. *Intangible Capital*, 2019, 15(2), pp. 114–127, <https://doi.org/10.3926/ic.1354>.
8. Dosaeva A.Zh., Atchbarova A.M. Principy i metody provedeniya analiza v kazahstanskikh organizacijah [Principles and methods of analysis in Kazakhstani organizations]. *Vestnik universiteta «Turan»*, 2020, 1, ss. 171–176 (in Russian).
9. Shahman E.T., Narynbaeva A.S., Altajbaeva Zh.K. K voprosu o finansovoj ustojchivosti agropromyshlennogo predpriyatija [On the issue of financial stability of an agro-industrial enterprise]. *Problemy agrorynka*, 2021, 3, ss. 82–91 (in Russian).
10. Dzhaksybekova G.N., Aubakirova D.E. Finansovoe sostojanie i upravlenie finansovoj ustojchivost'ju aviakompanii [Financial condition and financial stability management of the airline]. *Economics: the strategy and practice*, 2019, 14(4), ss. 67–79 (in Russian).
11. Abdrahmanova A.U, Bel'gibaeva A.S., Sartov, U.K. Ocenka i analiz finansovoj ustojchivosti predpriyatija [Assessment and analysis of the financial stability of the enterprise]. *Gosudarstvennyj audit*, 2023, 61(4), ss. 83–97 (in Russian).
12. Өмір А.Ж., Мазбаева К.О., Бөлшекбаева Қ.О., Телагусова Э.О. Реитінгік агенттіктер мен несиелік реитінгің капитал құрылымындағы маңыздылығы және рөлі [Importance and role of rating agencies and credit rating in the capital structure]. *Qazaq ekonomika, qarjy jáne halyqaralyq sauda universitetiniñ jarşysy*, 2024, 2(55), bb. 124–131 (in Kazakh).



13. Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau және reformalar agenttigi Ұлттық статистика бюросының ресми деректері. Available at: <https://stat.gov.kz> (accessed: 20.09.2024).

14. Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń 2022 jylǵy 26 qyrkúiektegi №1021. Qazaqstan Respublikasynyń qarjy sektoryn damytudyń 2030 jylǵa deingi tıjyrymdamasyn bekitu turaly Jarlyǵy. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001021> (accessed: 22.09.2024).

15. Bai Q., Tian S. Innovate or Die: Corporate Innovation and Bankruptcy Forecasts. *Journal of Empirical Finance*, 2020, 59(4), pp. 88–108, <https://doi.org/10.1016/j.jempfin.2020.09.002>.

АДАПТАЦИЯ ЗАРУБЕЖНЫХ МЕТОДИК ДИАГНОСТИКИ ВЕРОЯТНОСТИ БАНКРОТСТВА: ОПЫТ КАЗАХСТАНА

А.К. Байдаков¹, Н.К. Кучукова², О.Ш. Әділханов³

¹Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан

²Карагандинский университет Казпотребсоюза, Караганда, Казахстан

³Институт экономики КН МНВО РК, Алматы, Казахстан

Резюме. Статья подчеркивает необходимость адаптации международных методик диагностики вероятности банкротства с учетом специфики казахстанской экономики. Важным шагом в этом направлении стало внедрение «Правил расчета коэффициентов и определения границ классов финансовой устойчивости», разработанных Министерством финансов РК. Эти правила играют ключевую роль в оценке финансовой устойчивости должников и минимизации рисков для инвесторов и кредиторов. Однако анализ их структуры и содержания показал, что они не полностью соответствуют особенностям казахстанского рынка и бизнес-среды, что требует доработки и адаптации. Реализация таких инструментов может существенно повысить финансовую стабильность организаций в Казахстане, но для этого необходимо учитывать уникальные экономические условия и особенности ведения бизнеса в стране. Таким образом, разработка собственных методик, основанных на международных стандартах, представляет собой стратегически важный шаг для улучшения финансовой устойчивости и гибкости подходов к оценке состояния компаний в условиях меняющегося рынка.

Ключевые слова: финансовая устойчивость, прогнозирование банкротства, финансовые коэффициенты, зарубежные методики, финансовый анализ.

ADAPTATION OF FOREIGN METHODS FOR DIAGNOSING THE PROBABILITY OF BANKRUPTCY: THE EXPERIENCE OF KAZAKHSTAN

A. Baidakov¹, N. Kuchukova², O. Adilkhanov³

¹S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Kazakhstan

²Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Kazakhstan

³Institute of Economics CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan

Summary. The article emphasizes the need to adapt international methods for diagnosing the probability of bankruptcy, taking into account the specifics of the Kazakh economy. An important step in this direction was the introduction of the "Rules for calculating coefficients and determining the boundaries of financial stability classes" developed by the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan. These rules play a key role in assessing the financial stability of debtors and minimizing risks for investors and creditors. However, an analysis of their structure and content showed that they do not fully correspond to the peculiarities of the Kazakh market and business environment, which requires improvement and adaptation. The implementation of such instruments can significantly increase the financial stability of organizations in Kazakhstan, but for this it is necessary to take into account the unique economic conditions and peculiarities of doing business in the country. Thus, the development of proprietary methodologies based on international standards is a strategically important step to improve financial stability.

Keywords: financial stability, bankruptcy forecasting, financial coefficients, foreign methods, financial analysis.



Авторлар туралы мәлімет:

Байдаков Асылбек Канаевич* – экономика ғылымдарының кандидаты, «Есеп және қаржы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: a_baidakov@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1131-1413>

Кучукова Нуриля Кенжебековна – экономика ғылымдарының докторы, «Қаржы» кафедрасының профессоры, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан, e-mail: nkuchukova@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1704-7393>

Әділханов Олжас Шайзандайұлы – PhD, аға ғылыми қызметкер, ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: oljas_06@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4292-7408>

Информация об авторах:

Байдаков Асылбек Канаевич* – кандидат экономических наук, ассоциированный профессор кафедры «Учет и финансы», Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллина, Астана, Казахстан, e-mail: a_baidakov@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1131-1413>

Кучукова Нуриля Кенжебековна – доктор экономических наук, профессор кафедры «Финансы», Карагандинский университет Казпотребсоюза, Караганда, Казахстан, e-mail: nkuchukova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1704-7393>

Әділханов Олжас Шайзандайұлы – PhD, старший научный сотрудник, Институт экономики КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, e-mail: oljas_06@mail, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-4292-7408>

Information about the authors

Assilbek K. Baidakov * – candidate of economic sciences, Associate Professor of the Department of Accounting and Finance, S.Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Kazakhstan, e-mail: a_baidakov@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1131-1413>

Nurilya K. Kuchukova – doctor of economic sciences, Professor of the Department of Finance, Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: nkuchukova@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1704-7393>

Olzhas Sh. Adilkhanov – PhD, Senior Researcher, Institute of Economics CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, e-mail: oljas_06@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-4292-7408>

Алынды: 21.11.2024

Қарауға қабылданды: 11.12.2024

Онлайн қолжетімді: 31.03.2025